

**ҚАУЛЫ**

шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы

Төлеби ауылы

08.08.2022 жыл

Шу аудандық прокурорының міндетін атқарушы Ә.Тойбеков, қорғаушы Г.Саржановтың күдікті Ә.Шаймерденованың мүддесі үшін ҚПК-тің 105-бабына сәйкес жазған шағымын, №223166031000176 қылмыстық іс-құжаттарын зерделеу арқылы қарап,

**АНЫҚТАҒАНЫ:**

02.08.2022 жылы ауданаралық прокуратурасына қорғаушы Г.Саржановтың күдікті Ә.Шаймерденоваға қатысты тіркелген қылмыстық істі 190-бабы 4-бөлігінің 2-тармағынан 190-бабы 3-бөлігінің 1,4-тармақтарына қайта саралау туралы шағымы түскен.

Анықталғаны, Шу АПБ-нің өндірісінде Н.Жангуттиеваның, Н.Копбаеваның, Г.Узденованың, А.Кондыбаеваның, Р.Сейтпенбетованың, А.Рахманованың, К.Рахманованың Ж.Ахметованың және тағы басқалардың арыздары бойынша Ә.Шаймерденоваға қатысты СДТБТ-не ҚК-тің 190-бабы 4-бөлігінің 2-тармағымен, 190-бабы 3-бөлігінің 1,4-тармақтарымен тіркелген сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде.


24.05.2022 жылы қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деген күдікпен Ә.Шаймерденова ҚПК-нің 128,131-баптарының талаптарына сәйкес ұсталып, ол Шу АПБ-нің УҰА қамауға алынған.

26.05.2022 жылы Ә.Шаймерденованың іс-әрекеті 190-бабы 4-бөлігінің 2-тармағымен, 190-бабы 3-бөлігінің 1,4-тармақтарымен сараланған және сол күні Шу аудандық сотымен оған қатысты «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді 190-бабы 4-бөлігінің 2-тармағы, 190-бабы 3-бөлігінің 1,4-тармақтарынан 190-бабы 3-бөлігінің 1,4-тармақтарына төмендегі негіздерге байланысты саралауға негіз жоқ.

Жүргізілген сотқа дейінгі тергеп-тексерумен күдікті Ә.Шаймерденованың жәбірленуші Н.Жангуттиеваның 16 617 000 теңгесін алаяқтықпен иемденгеніне жеткілікті дәлелдемелер жинақталған.

Атап айтқанда жәбірленуші Н.Жангуттиеваның жауабымен, Н.Жангуттиева мен Ә.Шаймерденова араларындағы беттестіру тергеу амалымен, куә Р.Жангуттиевтің жауабымен, жәбірленушілер Г.Ережепова мен Т.Беимбетованың жауаптарымен, Ә.Шаймерденованың Н.Жангуттиевадан 32 650 000 теңге алғандығы туралы қолхатпен, «Каспий банк» АҚ-нан алынған Н.Картабаеваның шотының үзіндісімен және істің басқа да құжаттарымен өз дәлелен тапқан.



Құжатқа ЭЦҚ-мен қол қойылды

Қылмыстық қудалау органымен ҚПК-тің 24-бабының талаптары негізінде істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шаралар қолданылған.

Осыған байланысты, қорғаушы Г.Саржановтың күдікті Ә.Шаймерденованың мүддесі үшін жазған шағымы қанағаттандырудан бас тартуға жатады.

Жоғарыдағылардың негізінде және ҚПК-тің 105, 193-баптарын басшылыққа ала отырып,

### **ҚАУЛЫ ЕТТІМ:**

Қорғаушы Г.Саржановтың күдікті Ә.Шаймерденованың мүддесі үшін жазған шағымын қанағаттандырудан бас тартуды.

Қаулы көшірмесін №223166031000176 сотқа дейінгі тергеп-тексеру құжаттарына тіркеуді.

Қорғаушы Г.Саржановқа қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда ҚПК-тің 105-бабына сәйкес жоғары тұрған прокурорға немесе ҚПК-тің 106-бабына сәйкес сотқа шағымдану құқығын түсіндіруді.

Қабылданған шешім туралы мүдделі жақтарға хабарлауды.

**Шу аудандық прокурорының м.а.**

**Ә. Тойбеков**